

## №1 Педагогикалық кеңес есебі

**Өткізілген күні:** 28.08.2025 жыл

**Өткізілген орны:** ЖШС "Диана 2019" балабақшасы

**Қатысқандар:** Педагогикалық ұжым мүшелері

**Кеңестің күн тәртібі:**

1. Педагогикалық кеңестің төрағасы мен хатшысын сайлау.
2. 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту.
3. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердің кестесі мен күн тәртібін бекіту.
4. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы – салыстырмалы тексеру қорытындысы.
5. 2025–2026 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатпен танысу.

**Кеңесте қаралған мәселелер мен қабылданған шешімдер:**

**1. Төраға мен хатшыны сайлау**

- Кеңес төрағасы мен хатшысы бірауыздан сайланды.
- Хатшы штаттық бірлік болмаған жағдайда, бұл міндет әдіскерге жүктелетіні нақтыланды.

**2. Жылдық жоспарды бекіту**

- Әдіскер жылдық жоспардың мазмұнын таныстырды.
- Жоспарда педагогтердің біліктілігін арттыру, ата-аналармен өзара қарым-қатынас, жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру, бақылау түрлері мен әкімшілік-шаруашылық жұмыс бағыттары қамтылды.
- Педагогтар тарапынан ұсыныстар енгізілді:
  - іс-шараларды ұлттық дәстүрлермен ұштастыру;
  - ата-аналармен жұмысты әр ай сайын тақырыптық форматта өткізу;
  - шығармашылық тәжірибе алмасуды көбейту.
- Жоспар бірауыздан бекітілді.

**3. Күн тәртібі мен ұйымдастырылған іс-әрекеттер кестесі**

- Балалардың жас ерекшелігі мен физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкес жасалғаны атап өтілді.
- Тәрбиешілер мен мамандар кестенің ыңғайлы екенін айтты.
- Дене шынықтыру және музыка сабақтарының уақыттары бір-бірімен сәйкестендірілген.
- Кесте мен күн тәртібі бекітілді.

**4. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы**

- Әкімшілік комиссия тексеру қорытындысын баяндалды.
- Барлық топтар жиһаздармен, көрнекілік құралдарымен, оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етілген.
- Кейбір топтарда оқу құралдарын жаңарту қажеттігі анықталды.
- Өрт қауіпсіздігі мен санитарлық талаптардың сақталғаны тексерілді.
- Қорытынды: жаңа оқу жылына дайындық қанағаттанарлық деп танылды.

**5. Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру**

- Әдіскер нұсқау хаттың негізгі бағыттарын таныстырды: қауіпсіздік, ұлттық құндылықтар, тіл дамыту, экологиялық мәдениет, ата-анамен жұмыс, ойын арқылы дамыту.
- «Тілге бойлау», «Жасыл балабақша», «Беске дейін үлгер» жобалары таныстырылды.
- Педагогтар құжаттағы әдістемелік ұсыныстарды тәжірибеде қолдануда

**Қорытынды:**

№1 педагогикалық кеңесте жаңа оқу жылына арналған негізгі ұйымдастырушылық және әдістемелік құжаттар бекітіліп, топтардың дайындығы қарастырылды. Педагогтар жоспарланған міндеттерді сапалы орындауға бірауыздан келісім берді.